

**"Әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, акваөсірудің негізгі объектілерінің қолдан өсімін молайту, оларды тауарлы өсіру және тасымалдау жөніндегі балық өсіру нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 127 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 6 ақпандағы № 33 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 ақпанда № 31893 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, акваөсірудің негізгі объектілерінің қолдан өсімін молайту, оларды тауарлы өсіру және тасымалдау жөніндегі балық өсіру нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 127 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22694 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, акваөсірудің негізгі объектілерінің қолдан өсімін молайту, оларды тауарлы өсіру және тасымалдау жөніндегі балық өсіру нормативтерінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тұқы және өсімдіктермен қоректенетін балықтар түрлерінің шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекіре тұқымдас балық түрлерінің шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ақсаха тұқымдас балық түрлерінің шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес құбылмалы бахташ шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес көксерке шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес тилапия шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес кларий жайыны шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері бекітілсін."

1 және 2-қосымшалар осы бұйрықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

осы бұйрықтың 4, 5, 6, 7-қосымшаларына сәйкес 4, 5, 6, 7-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи  
ресурстар министрі*

*З. Сулейменова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи  
ресурстар министрі  
2023 жылғы 6 ақпандағы  
№ 33 Бұйрыққа  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрінің  
2021 жылғы 5 мамырдағы  
№ 127 бұйрығына  
1-қосымша

## Тұқы және өсімдіктермен қоректенетін балықтар түрлерінің шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері 1-тарау. Тоғанда балық өсіру аймақтары

Тоғанда балық өсіру аймақтары	Қазақстанның облыстары және аудандары
I	Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола облысы (Зеренді, Бурабай, Бұланды, Сандықтау аудандары және Біржан сал ауданы).
II	Ақмола облысы (Ақкөл, Аршалы, Астрахан, Атбасар, Егіндікөл, Ерейментау, Есіл, Жақсын, Жарқайын, Қорғалжын, Целиноград, Шортанды аудандары), Абай облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар облысы, Қостанай облысы (Алтынсары, Әуликөл, Денисов, Жітіқара, Қамысты, Қарабалық, Қарасу, Қостанай, Меңдіқара, Наурызым, Сарыкөл, Ұзынкөл, ФҰдоров және Бейімбет Майлин аудандары), Қарағанды облысы (Абай, Бұқар-Жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаровка аудандары).
III	Қостанай облысы (Амангелді, Жангелді аудандары және Арқалық қаласы), Қарағанды облысы (Ақтоғай және Шет аудандары), Ұлытау ауданы (Жаңаарқа және Ұлытау облыстары), Ақтөбе облысы (Алға, Әйтеке би, Қарғалы, Мартөк, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қобда, Хромтау аудандары), Алматы облысы (Балқаш ауданы), Жетісу облысы (Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Көксу және Сарқанд аудандары).
IV	Ақтөбе облысы (Байғанин, Ырғыз, Шалқар аудандары), Батыс Қазақстан облысы, Атырау облысы (Индер, Исатай, Қызықоға, Құрманғазы және Махамбет аудандары).
V	Атырау облысы (Жылыой, Мақат аудандары және Атырау қаласы), Алматы облысы (Жамбыл, Іле, Қарасай, Кеген, Райымбек, Талғар, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр аудандары), Маңғыстау облысы (Бейнеу, Маңғыстау және Түпқараған аудандары), Жамбыл облысы, Жетісу облысы (Кербұлақ, Панфилов аудандары), Қызылорда облысы.
VI	Маңғыстау облысы (Мұнайлы және Қарақия аудандары), Түркістан облысы.
<p>Ескертпе: Тоған балықтарының өсімін молайту және өсіру бойынша балық өсіру нормативтер тіршілік ету ортасының температуралық режиміне байланысты. Аймақтардың шекаралары ауа температурасы 15оС және одан жоғары жыл ішіндегі күндер санын сипаттайтын сызықтарға байланысты анықталды. Осы қағидат бойынша Қазақстан аумағында алты балық өсіру аймағы бөліп алынды.</p>	

## 2-тарау. Қазақстанның тоғанда балық өсіру аймақтары мен өңірлерінің климаттық сипаттамасы

Аймақ	Тоғанда балық өсіру аймағы	Температурасы 15оС жоғары маусымдағы күндер саны		Мұздың еру күні

		Аймақтар бойынша	Өңірлер бойынша		Мұз қата бастайтын күн
Солтүстік	I	150	160	18 мамыр	17 қазан
	II	175		5 мамыр	1 қараша
Орталық	III	205	210	20 сәуір	14 қараша
	IV	220		7 сәуір	27 қараша
Оңтүстік	V	255	260	25 наурыз	10 желтоқсан
	VI	280		12 наурыз	23 желтоқсан

Ескертпе: балық өсіру кәсіпорнының тоған балық өсіру аймағына тиесілі тоған ақаөсіру объектісінің – тұқы өсірудің вегетациялық кезеңінің ұзақтығымен, яғни, мұздың еруінің орташа көп жылдық мұз қатып, мұз еру кезеңдерімен айқындалады.

### 3-тарау. Әртүрлі балық өсіру аймақтарында тұқы балықтарын өсіру парашылықтарындағы су сапасының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Қолайлы мәні		
		жаздық тоғандар үшін	қыстау тоғандары үшін	инкубациялық цех үшін
Су көзі су температурасының тоғандағы суға қатысты ауытқуы	0С	50С жоғары емес	80С жоғары емес	-
Келіп құйылатын судың максималды температурасы	0С	280С	-	-
Тұқы уылдырығын инкубациялау үшін с у д ы н температурасы	0С	-	-	19-21
Дернәсілдерді өсіруге арналған с у д ы н температурасы	0С	-	-	26-28
Түсі, иісі, дәмі		жоқ	жоқ	жоқ
Түсі	нанометр (градус)	585 дейін (50 дейін)		
Мөлдірлігі	метр	кемінде 0,75 – 1,00	кемінде 1,5	кемінде 2,0
Өлшенді заттар	грамм/текше метр	25,0 дейін	10,0 дейін	5,0 дейін
Сутегі көрсеткіші	pH	6,5 – 9,0	6,5 – 8,0	7,0 – 8,0
Еріген оттегі	моль/текше метр ( грамм/текше метр)	1,6 x 10-1 (5,0) төмен емес	1,9 x 10-1 (6,0) аса	2,8 x 10-1 – 3,4 x 10-1 (9,0 – 11,0)(100+5)
Еріген көміртегі диоксиді	моль/текше метр ( грамм/текше метр)	5,7 x 10-1 (25,0 дейін)	3,4 x 10-1 (15,0) кем емес	2,3 x 10-1 (10,0) жоғары емес
Еріген күкіртті сутегі	моль/текше метр ( грамм/текше метр)	жоқ	жоқ	жоқ
Аммиак ерітіндісі	моль/ текше метр ( грамм/текше метр)	2,9 x 10-3 (0,05)	-	1,8 x 10-2 (0,3) дейін

Перманганатты тотығу	грамм О/ текше метр	15,0 дейін	10,0 дейін	10,0 жоғары емес
Бихромды тотығу	грамм О/ текше метр	50,0 дейін	-	
БПК5	грамм О/ текше метр	3,0 дейін	3,0 жоғары емес	2,0 дейін
БПКтолық.	грамм О/ текше метр	4,5 дейін	4,5 жоғары емес	3,0 дейін
Аммоний	ион, мольN/ текше метр (гN/ текше метр)	5,6 x 10 <sup>-2</sup> (1,5 дейін)	5,6 x 10 <sup>-2</sup> (1,0 дейін)	4,2x 10 <sup>-2</sup> (0,75)
Нитриттар	ион, мольN/текше метр (гN/ текше метр)	4,3x 10 <sup>-4</sup> (0,02)	-	-
Нитраттар	ион, мольN/ текше метр (гN/ текше метр)	3,2x 10 <sup>-2</sup> (2,0)	-	-
Фосфаттар	ион, моль P/ текше метр (г P/ текше метр)	5,3x 10 <sup>-2</sup> (0,5)	-	-
Жалпы темір	моль/ текше метр (грамм/ текше метр)	1,1x 10 <sup>-2</sup> (2,0 дейін)	1,8 x 10 <sup>-3</sup> (0,3) жоғары емес	0,6x 10 <sup>-3</sup> (0,1) дейін
Тат басқан темір	моль/ текше метр	2,8x 10 <sup>-3</sup> жоғары емес	0,7 x 10 <sup>-4</sup> (0,05) жоғары емес	жок

#### 4-тарау. Тұқының өндіруші аналық табындарын қалыптастырудың балық өсіру нормативтері

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Балық өсіру аймақтары	
		I - IV	V - VI
Алынған дернәсілдердің шартты саны	миллион дана	10	10
Аналықтар саны	дана	100	100
Қорды есепке алғанда аналықтар саны	дана	200	200
Қорды есепке алғанда аталықтар саны	дана	125	125
Өндірушілердің минималды резерві	%	25	25
Жыл сайын алмастырылатын өндірушілер саны, оның ішінде:	дана	80	80
- аналықтар		50	50
- аталықтар		30	30
Бір өндірушіні алмастыруға арналған аналық топты			43

толықтыратын балықтар саны		43	
- осы жаздық шабақтар	дана	24	24
- екі жылдық шабақтар		12	12
- үш жылдық шабақтар		4	4
- төрт жылдық шабақтар		3	3
Аналық топты толықтыратын балықтар саны, оның ішінде:		3440	3440
- осы жаздық шабақтар	дана	1920	1920
- екі жылдық шабақтар		960	960
- үш жылдық шабақтар		320	320
- төрт жылдық шабақтар		240	240
Тұқының аналық топты толықтыратын балықтардың күздегі орташа салмағы:			
- осы жаздық шабақтар	грамм	60	90
- екі жылдық шабақтар		1000	1300
- үш жылдық шабақтар		2350	2600
- төрт жылдық шабақтар		3500	3800
Маусым ішінде жазғы тоғандарда тұқы аналық топты толықтыратын балықтардың өсімі:			
-осы жаздық шабақтар	грамм	60	90
- екі жылдық шабақтар		1000	1200
- үш жылдық шабақтар		1300	1300
- төрт жылдық шабақтар		1200	1200
Аналық топты толықтыратын балық өсіруге арналған тоған алқаптарының ең аз рұқсат етілген ауданы, оның ішінде:		6,0	6,80
- осы жаздық шабақтар	гектар	0,40	0,60
- екі жылдық шабақтар		3,2	3,84
- үш жылдық шабақтар		1,4	1,40
- төрт жылдық шабақтар		1,0	0,96
Тұқы өндірушілерінің жеке өсімі:			
- аталықтар	килограмм	0,9	1,0
- аналықтар		1,2	1,2
Өндірушілерді ұстауға арналған тоған алаңдарының ең аз			1,22

рұқсат етілген ауданы, оның ішінде	гектар	1,2	
- аналықтар үшін		0,8	0,80
- аталықтар үшін		0,4	0,42
Аналық қысқы тоғандар алаңдарының ең аз рұқсат етілген аудандары	гектар	0,25	0,25
Аналық қысқы тоғандардың ең аз рұқсат етілген саны, дана	дана	2	2
Қысқы жөндеу тоғандары алаңдарының ең аз рұқсат етілген саны, га	гектар	0,27	0,32
Аналық топты толықтыратын балықтар мен өндірушілер массасының жалпы өсімінің (килограмм) бірлігін алуға жұмсалатын жем шығындары (ПК-110 -1 рецептуралы жемді пайдаланған кезде)	бірлік		
- осы жаздық шабақтар		3,0	3,0
- екі жылдық шабақтар		3,5	3,5
- үш жылдық шабақтар		4,5	4,5
- төрт жылдықтар шабақтар +		6,0	6,0
Ескертпе: 1. Жазғы аналық және жазғы толықтырылатын балықтар тоғандарының саны тұқының әрбір жас тобы үшін өсірілетін тұқымдылардың немесе тұқымдылар бағыттарының санына тең болуға тиіс; 2. Аналықтар мен аталықтар тоғандарда жынысы бойынша бөлек ұсталады.			

## 5-тарау. Өсімдіктермен қоректенетін балықтардың өндіруші аналық табындарын қалыптастырудың балық өсіру нормативтері

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Нормативтік мәні
Балық өсіру аймақтары		V – VI
Алынған дернәсілдер саны	миллион дана	10
Бір аналықтан алынған дернәсілдер	мың дана	200,0
Аналықтар саны, оның ішінде:	дана	175
- ақ амур		50
- ақ дөңмандай		100
- шұбар дөңмандай		25
Өндірушілер қорын есепке алғанда:		350

- ақ амур		100
- ақ дөңмандай	дана	200
- шұбар дөңмандай		50
Қорды есепке алғанда аталықтар саны, оның ішінде:		175
- ақ амур	дана	50
- ақ дөңмандай		100
- шұбар дөңмандай		25
Өндірушілердің минималды резерві:		
- ақ амур	%	35
- ақ дөңмандай		50
- шұбар дөңмандай		40

## 6-тарау. Жыныс өнімдерін алу алдында тұқы және өсімдіктермен қоректенетін балықтар өндірушілерін ұстау шарттары

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Нормативтік мәні	
		тұқы	өсімдіктермен қоректенетін балықтар
Өндірушілерді инъекция салар алдындағы тоғандарда ұстау			
Бір тоғанның ауданы	гектар	0,1 дейін	0,05 – 0,5
Су толтыру ұзақтығы	сағат	6 жоғары емес	3
Суды ағызу ұзақтығы	сағат	3 жоғары емес	3
Су алмасу	тәулік	5	5
Аналықтарды орналастыру тығыздығы	дана/гектар	300	1000
Аталықтарды орналастыру тығыздығы	дана/гектар	500	1000
Өндірушілерді ұстау кезіндегі су температурасы	оС	18 дейін	18 - 20
Өндірушілер резерві	%	100	150
Гипофизарлы инъекцияларға дейін және одан кейін өндірушілерді ыдыстарда ұстау			
Өндірушілер жыныстарының арақатынасы (аналықтар: аталықтар)		1 : 0,6	1 : 0,6
Жыныстық өнімдер алар алдында өндірушілерді ұстайтын ыдыс**:			
- ыдыстың ұзындығы	метр	4,0	4,0
- ыдыстың ені		0,6	2,5
- судың тереңдігі		0,6	1,0
Судың толу ұзақтығы	минут	30	30



Суды ағызу ұзақтығы	минут	15	15
Көлеміне қарай өндірушілерді орналастыру тығыздығы	дана/текше метр	3 - 7	1 - 3
100 кг балықтың тірі салмағына жұмсалатын су мөлшері	литр/секунд	3,0	6,0
Су температурасы:			
- инъекция кезінде	оС	18 - 20	20 - 25
- уылдырық инкубациясы кезінде		20 - 22	20 - 25
Өндірушілерді ұстау кезінде судағы оттегі мөлшері	миллиграмм/литр	6 кем емес	5 кем емес
Уылдырық шашу науқанынан кейінгі өндірушілер шығыны:			
тұқы	%	10	
ақ амур			10
ақ дөңмаңдай			30
шұбар дөңмаңдай			20
Ескертпе: * - шаруашылықта инъекциялды (уылдырық шашу алды) тоғандар болмаған жағдайда, өндірушілерді жазғы-жөндеу, жазғы-аналық тоғандарды ұстауға болады, онда тұқы өндірушілерін ұстаған кезде су температурасының 18 0С-тан жоғары асып кетуіне жол берілмейді; ** - өндірушілерді орналастыру тығыздығының нормаларын сақтаған жағдайда басқа ыдыстарды пайдалануға болады.			

**7-тарау. Тұқы/сазан және өсімдікпен қоректенетін (ақ амур, ақ дөңмаңдай және шұбар дөңмаңдай) өндірушілеріне арналған әртүрлі горманальдық препараттардың ұсынылатын дозалары 1 – параграф. Тұқы/сазан өндірушілеріне арналған гипофизарлық инъекцияның ұсынылатын дозалары**

Су температурасы, оС	Гипофиз дозасы, аналықтар салмағы миллиграмм гипофиз/аналық килограмм салмағы*			Гипофиз дозасы, аналықтар салмағы миллиграмм гипофиз/аталық килограмм салмағы **
	бастапқы инъекция (10%)	рұқсат етілетін инъекция (90%)	жалпы доза(100%)	
14-тен 15-ке дейін	0,4	3,8	4,2	2,1
15-тен 16-ға дейін	0,4	3,6	4,0	2,0
17-ден 18-ге дейін	0,35	3,15	3,5	2,0
20-дан 22-ге дейін	0,3	2,7	3,0	1,5
Ескертпе: * - Бастапқы және рұқсат етілетін инъекцияларды қою аралығы –12- 24 сағат; ** - Тұқы аталықтарын аналықтарға рұқсат етілетін инъекцияны салардан 2 сағат бұрын бір рет инъекциялайды.				

**2 – параграф. Өсімдіктермен қоректенетін балықтардың өндірушілерінің дене жуандығы бойынша гипофизарлық инъекциялардың ұсынылатын дозалары**

Денесінің ең жуан тұсы, сантиметр	Препарат дозасы, миллилитр ерітінді/аналық килограмм массасы			Препарат дозасы, миллилитр ерітінді/аталық килограмм массасы
	Бастапқы инъекция (10%)	Рұқсат етілетін инъекция (90%)	Жалпы доза (100%)	
38-ден 42-ге дейін	0,3	2,7	3,0	1,5
42-ден 46-ға дейін	0,4	3,1	3,5	1,75
46-дан 49-ға дейін	0,4	3,6	4,0	2
49-дан 54-ке дейін	0,5	4,0	4,5	2,25
54-тен 58-ге дейін	0,5	4,5	5,0	2,5
58-ден 62-ге дейін	0,5	5,0	5,5	2,75
62-ден және жоғары	0,6	5,4	6,0	3

Ескертпе:  
 \* - Бастапқы және рұқсат етілетін инъекцияларды қою аралығы –12- 24 сағат;  
 \*\* - Тұқы аталықтарын аналықтарға рұқсат етілетін инъекцияны салардан 2 сағат бұрын бір рет инъекциялайды.

**3-параграф. Гипофизарлық инъекциялардан кейін тұқы және өсімдіктермен қоректенетін балықтардың өндірушілерінің пісіп-жетілу мерзімі**

Балықтар түрі	Су температурасы, оС	Пісіп-жетілу уақыты, сағат
Тұқы	14-тен 17-ге дейін	22 - 25
	17-ден 19-ге дейін	22 - 24
	19-дан 20-ға дейін	18 - 20
	20-дан 22-ге дейін	14 - 18
	22-ден 25-ке дейін	10 - 14
Өсімдіктермен қоректенетін балықтар	20-дан 23-ке дейін	10 – 12
	23-тен 25-ке дейін	9 – 11
	25-тен 30-ға дейін	7 - 10

**4-параграф. Тұқы мен өсімдіктермен қоректенетін балықтар өндірушілеріне арналған "Нерестин 7А" препараты инъекциясының ұсынылатын дозалары\***

Препарат дозасы, миллилитр ерітінді/килограмм аналықтар массасы			Препарат дозасы, миллилитр ерітінді/килограмм аталықтар массасы
Бастапқы инъекция (20%)	Рұқсат етілетін инъекция (80%)	Жалпы доза (100%)	
0,04	0,16	0,2	0,1

Ескертпе:  
 \* - "Нерестин 7А" препаратын тұқы үшін 15оС-тан төмен және өсімдікпен қоректенетін балықтар үшін 20оС-тан төмен су температурасында қолдану тиімсіз болып табылады;  
 \*\* - Бастапқы және рұқсат етілетін инъекцияларды қою аралығы –12- 24 сағат;  
 \*\*\* - Тұқы аталықтарын аналықтарға рұқсат етілетін инъекцияны салардан 2 сағат бұрын бір рет инъекциялайды.

"Нерестин" сияқты басқа препараттар үшін дозировка пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес айқындалады.

### 5-параграф. Өсімдіктермен қоректенетін балықтардың өндірушілері үшін "Нерестин-1" препаратының әр түрлі типтерін инъекциялаудың ұсынылатын дозалары

Препарат түрі "Нерестин"	Препараттың дозасы, ерітінді миллилитрі/ масса килограммы *			Балықтарға ұсынылған массасы, килограмм
	Алғашқы инъекция (20%)	Рұқсат етілген инъекция (80%)	Жалпы доза (100%)	
Нерестин-1				
Аналық*	0,06-0,12	0,24-0,48	0,3-0,6	1,5-5
Аталық**	-	-	0,33-0,4	
Нерестин-1Б				
Аналық*	0,07	0,26	0,33	5-9
Аталық**	-	-	0,22	
Нерестин-1А				
Аналық*	0,03-0,06	0,12-0,24	0,15-0,3	9-16
Аталық**	-	-	0,1-0,2	

Примечание:

\* - Аналықтарға арналған алғашқы және рұқсат етілген екпе интервалы – 11,5-24 часа;

\*\* - Аталықтар үшін бір реттік екпе қолданылады.

"Нерестин-1" препаратының әр түрлі типтерін 20оС-тан төмен пайдаланудың тиімділігі жоқ. "Нерестин" препаратының басқа типтері үшін қолдану дозасы арнайы пайдалану нұсқаулығымен белгіленеді.

### 6-параграф. Тұқы/сазан және өсімдіктермен қоректенетін балықтардың өндірушілері үшін "Оваприм" ("OVAPRIM") препаратын инъекциялаудың ұсынылатын дозалары

Нысаналар	Препарат дозасы, ерітінді миллилитрі/масса килограммына	
	Аналық	Аталық
Тұқы/ шөпқоректі балықтар	0,3-0,4	0,1-0,2

Ескерту:

1) "Оваприм" ("OVAPRIM") препаратын тұқы және шөпқоректі балықтар үшін қолдану 21-24 оС оңтайлы уылдырық шашу температурасын сақтаған кезде тиімді.

2) Бір реттік екпе аталық пен аналық үшін қолданылады.

### 8-тарау. Тұқының және өсімдіктермен қоректенетін балықтардың ұрпағын алу 1-Параграф. Жыныстық өнімдерді алу, уылдырықты инкубациялау және дернәсілдерді ұстау

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нормативтік мәндер	
		тұқы	Шөпқоректі балықтар
Уылдырық алу			
Гипофизарды екпелерден кейін ұрғашылардың жыныстық жетілуі	%	85	80

Ұрғашылардың уылдырық шашудың мөлшері	Мың/дана	300 – 500	500	
Желімдеуші заттардың ұсынылған мөлшері:				
талық	грамм/литр су	10	-	
сүт	грамм/литр су	100	-	
танин	грамм/литр су	10	-	
Экспозиция				
талық	минут	40-45	-	
сүт	минут	40-45	-	
танин	секунд	5-10	-	
Уылдырықты инкубациялау				
Инкубациялаушы аппараттар түрі	Өлшем бірлігі	Инкубациялық аппарат		"Амур"
		Вейса	"Амур"	
Инкубациялық аппараттың сыйымдылығы	литр	8	200	200
Бір аппаратқа жүктелетін уылдырықтың ұсынылған мөлшері	мың/дана	200-600	300-1000	500 - 1000
Бір аппаратқа шығындалатын судың ұсынылған мөлшері	литр/секунд.	0,05 – 0,08	0,08-0,16	0,08 – 0,16
Уылдырықты инкубациялағанда судағы оттегінің оптимальді мөлшері	миллиграмм/литр	6-дан кем емес	6-дан кем емес	5-тен кем емес
Уылдырықтың ұрықтанудың оптимальді проценті	%	80	80	80
Инкубация периодындағы оптимальді тірі қалу проценті	%	55	15-55	65-90
Тоғандағы балық аулаудағы 1 аналықтың дернәсілдерінің орташа саны				
I	Мың/дана	175	-	
II	Мың/дана	200	-	
III	Мың/дана	225		
IV, V, VI	Мың/дана	250	250	
Инкубацияның әр түрлі температурадағы ұзақтығы*:				
17°С	тәулік	7-7,5	-	
17-тан 18°С-ге дейін	тәулік	6-7	-	
18-тан 19°С-ге дейін	тәулік	5,5-6	-	

19-тан 20°C-ге дейін	тәулік	4,5-5,5	-
20-тан 21°C-ге дейін	тәулік	4-4,5	-
21-тан 22°C-ге дейін	тәулік	3,5-4	-
22-тан 23°C-ге дейін	тәулік	2,5-3	1,5-2
23-тан 24°C-ге дейін	тәулік	2,5-3	1-1,5
24-тан 25°C-ге дейін	тәулік	-	1-1,5
Сыртқы қоректенуге ауысқанға дейін дернәсілдерді ұстау			
Ейск типіндегі шыныпластикалық лотоктар**:			
Су көлемі	текше метр	1,68	-
Оптимальді тереңдігі	метр	0,6	-
Отырғызудың ұсынылған тығыздығы	мың/дана текше метрқа	1500 - 2500	-
1 миллион дернәсілдерге ұсынылған су шығыны	литр/минут	15	-
Дернәсілдерді ұстағаннан кейін олардың сыртқа шығудың оптимальді проценті	%	85	-
"Амур" аппараттары:			
Сыйымдалығы пайдалы	литр	200	200
Дернәсілдерді отырғызудың ұсынылған тығыздығы	мың/дана литрға	5,0	6,5
Бір аппаратқа ұсынылған су шығыны	литр/секунд.	0,23	0,23
Ұстау кезіндегі дернәсілдердің оптимальді тірі қалуы	%	85	75
Су температурасы кезінде ұстау ұзақтығы:			
17-тан 19°C-ге дейін	Тәулік.	2,0 – 3,0	3,5
19-тан 20°C-ге дейін	Тәулік.	2,0 – 2,5	3,5
20-тан 22°C-ге дейін	Тәулік.	1,5 – 2,0	3,3
22-тан 24°C-ге дейін	Тәулік.	1,0-2,0	3,1
24-тан 26°C-ге дейін	Тәулік.	1,0-2,0	3,0
26-тан 27°C-ге дейін	Тәулік.	-	2,0
Ескерту:			

\* - Тұқының уылдырығының инкубациясы кезінде су температурасының 17°C-ден қысқа уақытқа төмендеуі инкубацияның ұзақтығына әсер етпейді, дегенмен су температурасының 17°C-ден ұзаққа төмен түсуі инкубацияланатын уылдырыққа кері әсерін тигізеді. Тұқыны молайту судың 18-20°C орташа тәуліктік температурада бастаған жөн немесе су жіберетін ұйымдастырылған инкубациялық аппаратқа су жылытатын цехта жүргізген жөн.

\*\* - Ейск типтегі лоток- ұзындығы – 4 метр, ені – 0,7 метр, биіктігі– 0,8 метр өлшемі болатын шыныпластикалық лоток

## 2 - параграф. Лотоктарда, бассейндерде және тұйықталған су айналымы қондырғыларында тұқының және өсімдіктермен қоректенетін балықтардың дернәсілдерін өсіру

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	мәні	
		тұқы	өсімдіктермен қоректенетін балықтар
Өсірілмеген дернәсілдердің орташа салмағы	миллиграмм	1	1
Өсірілген дернәсілдердің орташа салмағы	миллиграмм	20	20
Бассейндегі (жаймадағы) судың жұмыс көлемі	текше метр	1	1
Жаймадағы (бассейндегі) судың орташа тереңдігі	метр	0,4	0,4
Дернәсілдерді отырғызу тығыздығы	мың дана/текше метр	200	200
Мынадай температура кезінде өсіру ұзақтығы, тәулік			
25 – 26	оС	15 - 13	15 - 13
26 – 28	оС	12 - 10	12 - 10
1 миллион дана дернәсілге жұмсалатын су	литр/секунд	3,3	3,3
Өсірілген дернәсілдердің өміршеңдігі, %		70	70
8 миллиграмм дейін өсіру кезінде дернәсілдерді қоректендіргенде артемия салина науплияларының азықтық коэффициенті	бірлік	3,0	3,0
8 миллиграммнан 20 миллиграммға дейін өсіру кезінде қоректендіргенде жасанды бастапқы жемдердің азықтық коэффициенті	бірлік	3,0 –тен көп емес	3,0 –тен көп емес

### 3-параграф. Шабак тоғандарда тұқының және өсімдіктермен қоректенетін балықтардың дернәсілдерін өсіру

Көрсеткіштер	Бірлік өлшемдері	Жалпы норма	Тоғанда балық өсірудің әрбір аймағына арналған норма					
			I	II	III	IV	V	VI
Б і р тоғанның ауданы	гектар	1-ге дейін	барлық аймақтар үшін					
Тоғанның орташа тереңдігі	метр	1,5	барлық аймақтар үшін					
Максималды тереңдігі	метр	1,8	барлық аймақтар үшін					
Б і р тоғанды суға толтыру ұзақтығы	тәулік	0,5	барлық аймақтар үшін					
Б і р тоғаннан суды ағызу ұзақтығы	тәулік	1 - ден көп емес	барлық аймақтар үшін					
Дернәсілдерді отырғызу тығыздығы	миллион дана/ гектар	1,5 – 2,0	1,5	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0
Өсіру ұзақтығы	тәулік	10 - 15	барлық аймақтар үшін					
Өсірілген шабақтар шығуы	%							
- өсірілмеген дернәсілдерден		40	барлық аймақтар үшін					
- өсірілген дернәсілдерден		70	барлық аймақтар үшін					
Өсіру соңына қарай шабақтардың орташа салмағы	миллиграм	100	барлық аймақтар үшін					





тоғандары ның жалпы балық өнімділігі		400 - 1950	400	1125	1355	1395	1750	1950
- тұқы бойынша	килограмм / гектар	400- 900	400	600	600	800	800	900
- ақ амур бойынша		25 - 50	-	25	30	40	50	50
- ақ дөңмаңдай бойынша		400- 600	-	300	500	500	600	600
- шұбар дөңмаңдай бойынша		200- 400	-	200	225	255	300	400
Өсірілмеге н дернәсілде рдің отырғызы лу тығыздығ ы, оның ішінде:	мың дана/ гектар	120-311,3	120	241,3	278,3	278,3	293,3	311,3
- тұқы		120-150	120	125	135	135	135	150
- ақ амур		8,3	-	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3
- ақ дөңмаңдай		65-100	-	65	85	85	100	100
- шұбар дөңмаңдай		43-53	-	43	50	50	50	53
Тұқының бір жаздық шабақтар ын өсіру кезінде жұмсалат ын органикал ық тыңайтқы штар (көң)	тонна/ гектар	2,0	барлық аймақтар үшін					
Жаймалар мен бассейнде рде өсірілген шабақтард ың отырғызы лу	мың дана/ гектар	87,5-233,8	87,5	206,3	216,5	217,8	221,3	

ТЫҒЫЗДЫҒЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ:								233,8
- тұқы		87,5-112,5	87,5	92,5	100	100	100	112,5
- ақ амур		6,25-8,3	-	8,30	7,00	6,25	6,25	6,25
- ақ дөңмаңдай		62,5 - 75	-	62,5	66,5	71,5	75,0	75,0
- шұбар дөңмаңдай		40-43	-	43	43	40	40	40
Шабак тоғандарында өсірілген шабақтардың отырғызулығы, оның ішінде	мың дана/ гектар	50-125,5	50	96,5	105,3	110,0	117,5	125,5
- тұқы		50 - 65	50	53	57	57	57	65
- ақ амур		3,0-3,5	-	3,5	3,3	3,0	3,0	3,0
- ақ дөңмаңдай		20-37,5	-	20,0	25,0	30,0	37,5	37,5
- шұбар дөңмаңдай		20	-	20	20	20	20	20
Осы жаздағы шабақтардың шығымы	%							
- өсірілмеген дернәсілдерден:								
- тұқы		20 - 30	20 - 25	20 - 25	20 - 25	25 - 30	25 - 30	25 - 30
- өсімдіктер мен қоректенетін балықтар		20 - 30	-	20 - 25	20 - 25	25 - 30	25 - 30	25 - 30
- жаймалар мен бассейндерде								







орналастырылу тығыздығы, оның ішінде	штук/ гектар	14300 - 16050	14300	14300	14300	15150	15150	16050
- тұқы бойынша		6600	6600	6600	6600	6600	6600	6600
- ақ амур бойынша		450	450	450	450	450	450	450
- ақ дөңмаңдай бойынша		5500	5500	5500	5500	5500	5500	5500
- шұбар дөңмаңдай бойынша		1750 - 3500	1750	1750	1750	2600	2600	3500
Екі жастағылардың шығуы	%							
- тұқы		90	90	90	90	90	90	90
- өсімдіктер мен коректенетін балықтар		90	90	90	90	90	90	90
Екі жастағылардың даналық шығуы, оның ішінде	дана/ гектар	13000 - 14600	13000	13000	13000	13800	13800	14600
- тұқы		6000	6000	6000	6000	6000	6000	6000
- ақ амур		400	400	400	400	400	400	400
- ақ дөңмаңдай		5000	5000	5000	5000	5000	5000	5000
- шұбар дөңмаңдай		1600 - 3200	1600	1600	1600	2400	2400	3200
Екі жастағылардың орташа салмағы, г	грамм							
- тұқы		150	барлық аймақтар үшін					
- ақ амур		125	барлық аймақтар үшін					
- ақ дөңмаңдай		120	барлық аймақтар үшін					

- шұбар дөңмаңдай		125	барлық аймақтар үшін
Б і р жаздағы шабақтар м е н өндірушілер үшін ж е м қоспасын ың жем коэффициенті	бірлік	4,5	барлық аймақтар үшін

## 10-тарау. Тұқыны және өсімдіктермен қоректенетін балықтарды тасымалдау

1-параграф. 20 литр су және 20 литр оттегі қатынасында 40 литрлік қаптарда тасымалданатын пұқы балық түрлерінің шабақтар саны.

Дарақтың орташа массасы, грамм)	Тасымалдау ұзақтығы, сағат					
	( 4-5	5-10	10-15	15-20	20-25	25-30
4-5 0C температурада						
5,0	760	760	760	760	720	640
10,0	500	500	500	490	410	360
20,0	300	300	300	300	280	240
5-10 0C температурада						
1,0	2 000	2 000	2 000	2 000	1 900	1 600
2,0	1 500	1 500	1 450	1 150	950	800
5,0	760	760	760	600	500	440
10,0	500	500	380	300	250	220
20,0	300	300	260	210	175	150
10-15 0C температурада						
0,2	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000
0,5	2 600	2 600	2 600	2 600	2 200	2 000
1,0	2 000	2 000	2 000	1 800	1 500	1 200
2,0	1 500	1 500	1 150	900	750	600
5,0	760	760	660	520	420	360
10,0	500	460	330	260	210	180
20,0	300	255	185	145	120	105
при температуре 15-20 0C						
0,0015	100 000	55 000	55 000	50 000	50 000	-
0,02-0,03	25 000 -17 000	25 000 -17 000	25 000 -17 000	25 000 -17 000	25 000 -17 000	25 000 -17 000
0,2	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000
0,5	2 600	2 600	2 600	2 600	1 840	1 520

1,0	2 000	2 000	1 800	1 300	1 000	920
2,0	1 500	1 500	900	650	500	460
5,0	760	680	500	380	320	260
10,0	500	340	250	190	160	130
20,0	300	220	160	125	100	90

Примечание:

Тұқы балықтарының ерте шабақтарын (дернәсілдер мен өсірілген шабақтар) төмен температурада тасымалдау ұсынылмайды, өйткені бұл кезеңдердегі шабақтар температураның ауытқуына өте сезімтал, бұл өлімге әкелуі мүмкін.

**2-параграф. Тұқы балық түрлерін (килограм) су көлеміне (метр куб), тірі балық көлігіне отырғызудың температура, тасымалдау уақыты, судағы еріген оттегіге байланысты оптимальді тығыздығы.**

Дара қтың орта ша масса сы, грам м	Тасымалдау ұзақтығы, сағат														
	5 сағатқа дейін			5-10 сағат			10-15 сағат			15-20 сағат			20-30 сағат		
	Судың температурасы, 0С														
	до 10	10-15	15-20	до 10	10-15	15-20	до 10	10-15	15-20	до 10	10-15	15-20	до 10	10-15	15-20

құрамында 5-6 миллиграмм оттегі болған кезде O<sub>2</sub>/литр (1)

1-5	-	140	135	-	110	105	-	80	75	-	50	45	-	20	15
5-10	160	150	140	130	120	110	100	90	80	70	60	50	40	30	20
10-20	170	160	150	140	130	120	110	100	90	80	70	60	50	40	30
20-40	190	170	160	160	140	130	130	110	100	100	80	70	70	50	40
40-80	210	190	170	180	160	140	150	130	110	120	100	80	90	70	50
80-100	230	210	190	200	180	160	170	150	130	140	120	100	110	90	70
100-200	250	230	210	220	200	180	190	170	150	160	140	120	130	110	90
200-500	270	250	220	240	220	190	210	190	160	180	160	130	150	130	100
500-1000	290	270	240	260	240	210	230	210	180	200	180	150	170	150	120
1000 және одан жоғары	320	300	260	290	270	230	260	240	200	230	210	170	200	180	140

құрамында 6-7 миллиграмм оттегі болған кезде O<sub>2</sub>/литр

1-5	-	170	165	-	130	125	-	100	95	-	70	65	-	40	35
5-10	190	180	170	150	140	130	120	110	100	90	80	70	60	50	40
10-20	200	190	180	160	150	140	130	120	110	100	90	80	70	60	50
20-40	220	200	190	180	160	150	150	130	120	120	100	90	90	70	60
40-80	240	220	200	200	180	160	170	150	130	140	120	100	110	90	70



80-100	260	240	220	220	200	180	190	170	150	160	140	120	130	110	90
100-200	280	260	240	240	220	200	210	190	170	180	160	140	150	130	110
200-500	300	280	250	260	240	210	230	210	180	200	180	150	170	150	120
500-1000	320	300	270	280	260	230	250	230	200	220	200	170	190	170	140
1000 және одан жоғары	350	330	290	310	290	250	280	260	220	250	230	190	220	200	160

Құрамында 7-8 миллиграмм кезде O<sub>2</sub>/литр (2)

1-5	-	190	185	-	150	145	-	120	115	-	90	85	-	60	55
5-10	210	200	190	170	160	150	140	130	120	110	100	90	80	70	60
10-20	220	210	200	180	170	160	150	140	130	120	110	100	90	80	70
20-40	240	220	210	200	180	170	170	150	140	140	120	110	110	90	80
40-80	260	240	220	220	200	180	190	170	150	160	140	120	130	110	90
80-100	280	260	240	240	220	200	210	190	170	180	160	140	150	130	110
100-200	300	280	260	260	240	220	230	210	190	200	180	160	170	150	130
200-500	320	300	270	280	260	230	250	230	200	220	200	170	190	170	140
500-1000	340	320	290	300	280	250	270	250	220	240	220	190	210	190	160
1000 және одан жоғары	370	350	310	330	310	270	300	280	240	270	250	210	240	220	180

Ескерту:

1.Тұқы балықтарын құрамында 5 миллиграмм O<sub>2</sub>/л-ден төмен тасымалдау ұсынылмайды, бұл ретте 8 миллиграмм O<sub>2</sub>/л-ден жоғары еріген оттегіде тасымалды орынды емес, себебі оттегінің жоғары төмендеуі жүреді (балондарда).

2.Тірі балықтарды тасымалдауда әр бір метр куб ыдыс сыйымдылығын арттырған сайын әрбір қосылған көлемге тасымалданатын балықтардың тығыздығы 2 %-ға артады.

**3-параграф. Тірі балықты тасымалдаудың шарты (балық отырғызу материалы мен балықты)**

Тасымалдаудың сәттілігі және тасымалдаудың материалы судың сапасына, тасымалданатын балықтың сапасы мен жағдайына, тасымалдау уақытына және бұл процесті дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Алыс қашықтыққа тасымалдаған кезде тасымалдау уақыты және тасымалдау кезінде балық отырғызу тығыздылығы судың температурасы мен судағы еріген оттегіге байланыты ( параграф 2-і қараңыз).

Тірі балықты тасымалдаған кезде келесі негізгі шарттарды сақтау қажет:

- Массасы 10 грамм және одан жоғары балықты тасымалдау алдында оны тасымалдау ыдысында 2- ден 24 сағатқа дейін ағынды суда ұстап, тасымалдауға дейін 24 сағат балықты қоректендіруден бас тарту қажет.

- Жарақаты бар, әлсіз және ауруға шалдыққан балық қабылданбайды

- Тасымалдау ыдысы таза болу қажет, іші жұқа, тасымалдау кезінде балық жарақаттанбас үшін үшкір тұтқырлары мен бұрыштары болмау қажет;

- Балықты тасымалдайын ыдысқа жіберер алдында оны басейннен/ су қоймасынан сумен толтырады, оны балықты алатын судан, яғни таза суы бар су қоймасы немесе басейннен температурасы су қоймасына/ бассейнге тең жерден алады;

-Балықты тасымалдау үшін қолайлы уақыт- түн немесе таңғы сағаттар;

-Балықты тасымалдаған кезде су температурасы мен оттегі құрамын бақылау қажет;

-Балықты тасымалдау ыдысынан жіберген кезде ыдыстағы су мен су қоймасының температурасының айырмашылығы шабақтар үшін 1,5-2,0 °С-тан кем, 1 жылдық және жасы келген балықтар үшін 3-4 °С болу керек. Егер температура берілген нормативтерден айырмашылығы бар болса, балықтарды жіберер алдында бейімделуді жүргізу қажет, яғни тасымалдаушы ыдыстағы су температурасын су қоймасы су температурасымен теңестіру қажет, оны су қоймасынан тасымалдаушы ыдысқа су қую арқылы жүзеге асырады ;

- Балықты тасымалдау кезінде тасымалданған балықтың осы параграф шарттарында берілген кез келген салмақ категориясына жататын 10 % балық қалдықтарына жол беріледі.

## **11-тарау. Тұқы және өсімдіктермен қоректенетін балықтарды өсіру кезінде сөнбеген және хлорлы әкті себу нормалары**

Жұмыстың түрі	Себу нормасы, центнер/гектар
Қыстау тоғандарының арнасын көктемде дезинфекциялау, балық аулағаннан кейін	2,0
Қыстау тоғандарының арнасын күзде дезинфекциялау, балық жіберілер алдында	2,0
Балық өсіру, жаздық-аналық, жазда балық толықтыру тоғандарының арнасын көктемде балықтандыру алдында дезинфекциялау	2,0

Ескертпе: - әк сепкеннен кейін 1 тәуліктен соң тоғандарды жуып тазалау қажет. Тоғандарға 0,5 метр деңгейге дейін су толтырылады, одан соң су ағызылады.

Ескертпе. Бұл нормативтер ұсынымдық сипатқа ие.

Бұйрыққа 2-қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрінің  
2021 жылғы 5 мамырдағы  
№ 127 бұйрығына  
1-қосымша

**Бекіре тұқымдас балық түрлерінің шабақтарын өсіру жөніндегі балық өсіру нормативтері 1-тарау. Қазақстанның балық өсіру зауыттарында қортпа шабағын алудың және өсірудің балық өсіру нормативтері**

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Мәні
Өндірушілерді уылдырық шашу алдында ұстау		
Ұзақ ұстау кезіндегі су температурасы	оС	10 - 16
Жыныстардың ара-қатынасы	аналықтар: аталықтар	1 : 1, 1 : 5
Жыныс өнімдерін алғанға дейін және алғаннан кейін өндірушілерді ұстайтын бассейндердің сыйымдылығы	текше метр	15 - 20
Бассейнге су толтыру ұзақтығы	минут	30
Бассейннен су ағызу ұзақтығы	минут	15
100 килограмм тірі балық массасына жұмсалатын су	литр/секунд	6,0
Бассейндерге өндірушілерді орналастыру тығыздығы	килограмм/текше метр	15
Жыныс өнімдерін алу		
Гормоналдық стимуляция кезеңіндегі су температурасы	оС	10 - 16
Алғаш рет пісіп-жетіліп жатқан өндірушілердің жасы		
аналықтар	жас	17 – 20
аталықтар	жас	12 - 14
Өндірушілердің орташа даналық массасы:		
аналықтар		
уылдырықты сою әдісімен алу кезінде	килограмм	100
уылдырықты өмір сүруі әдісімен алу кезінде	килограмм	75
аталықтар	килограмм	40
Өндірушілердің қайта пісіп-жетілу мерзімі		
аналықтар	жыл	4-7
аталықтар	жыл	2-3
Гипофиздердің жұмсалуды (бекіре балығы түрлерінен)		
аналықтар үшін	миллиграмм/ килограмм	2,0 – 4,0
аталықтар үшін	миллиграмм/ килограмм	1,0 – 2,0
Гипофизарлық стимуляциядан кейін аналықтардың пісіліп жетілуі	%	80

Сапалы уылдырық берген аналықтар саны, пісіп-жетілгендер ішінен		
уылдырықты сою әдісімен алу кезінде	%	85
өмір сүруі әдісімен алу кезінде	%	80
Уылдырықтың ұрықтануы	%	кемінде 60
Жыныс өнімдерін алғаннан кейін өндірушілердің өміршеңдігі		
аналықтар	%	80
аталықтар	%	100
Бір аталықтың эякулят көлемі	миллиметр	100-400
Шәуеттердің жиналуы	миллиард/ милли текше метр	1,0-2,5
14оС температура кезінде судағы әуеттердің қозғалғыштығы	минут	5-8
Жартылай құрғақ тәсілмен ұрықтандыру кезінде жиналуына байланысты 10 литр уылдырыққа жұмсалатын шәует	миллилитр	80-100 дейін
Аналықтардың салыстырмалы жұмыс тұқымдылығы	мың уылдырық/ килограмм	4,0
1 грамм сауылған уылдырықтағы орташа уылдырық саны	дана	30-45
Бір уылдырықтың орташа салмағы	миллиграмм	25-35
1 литр суға жұмсалатын желімнен ажыратушы заттардың (талык) мөлшері***	грамм	10
2-4 бластомер кезеңінде уылдырықтың ұрықтану пайызын анықтау		
- су температурасы 12оС болғанда	сағат	6 кейін
- су температурасы 14оС болғанда	сағат	4 кейін
- су температурасы 16оС болғанда	сағат	3 кейін
Уылдырық инкубациясы		
"Осетр" аппаратының бір инкубациялық жәшігіне салынған уылдырық саны	килограмм	0,5 – 2,0
Инкубация кезеңіндегі су температурасы	оС	12 - 16
Инкубация кезінде 1 килограмм уылдырыққа жұмсалатын су мөлшері	литр/минут	2,6
Инкубация ұзақтығы	тәулік	5 - 12
Инкубацияға салынған уылдырықтан дернәсілалдындағылардың шығуы	%	60 кем емес

Біркүндік дернәсілдердің орташа салмағы	миллиграмм	20-25
Белсенді қоректенуге өткенге дейін дернәсілалдындағыларды ұстау		
Бассейндерге орналастыру тығыздығы		
біркүндік дернәсілалдындағылар	мың дана/шаршы метр	4,0
